

Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен  
ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы Ережені бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 23 тамыз N 1164. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.02.12. N 203 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі  
Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 23 тамыздағы  
N 1164 қаулысымен  
Бекітілген  
Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Мемлекеттер  
Достастығы елдерімен ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік  
комитеті туралы  
ЕРЕЖЕ

1. Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитеті (бұдан әрі - Мемынтымақтастықомы) Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттермен (бұдан әрі - Достастық мемлекеттері) ынтымақтастық саласындағы мемлекеттік саясатын жүзеге асыратын, Достастық мемлекеттерімен ынтымақтастық туралы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп мемлекетаралық және үкіметаралық шарттарды жасау, орындау және бұзу барысында министрліктердің, ведомстволардың, жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіретін атқарушы өкіметтің орталық органы болып табылады.

Комитет Балтық мемлекеттерімен ынтымақтастық саласында да осындай қызметті жүзеге асырады.

Комитет Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының стратегиясын Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің және Премьер-министрдің ТМД мәселелерімен

шұғылданатын бірінші орынбасарының басшылығымен, Президенттің Аппаратымен және Министрлер Кабинетінің Аппаратымен, жергілікті әкімдермен өзара тығыз іс-қимылда жүзеге асырады.

2. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституациясын, Зандарын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кенесінің, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулыларын, Жарлықтарын және әкімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады, бұл орайда тұтасу процесін терендетеуге, Евразия одағы идеясын жүзеге асуруға жәрдемдесе отырып, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру туралы Келісімде көзделген уағдаластыққа, Алматы декларациясына, ТМД Жарғысына және ТМД мемлекеттері Кенесінің басшылары мен Үкімет басшылары Кенесінің шешімдеріне

сүйенеді.

3. Комитет өз құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кенесімен, атқарушы әкіметтің орталық органдарымен, жергілікті әкімдермен, Қазақстан Республикасының Достастық мемлекеттеріндегі елшіліктерімен, өкілдіктерімен және басқа мекемелерімен осы мемлекеттердің Қазақстан Республикасындағы өкілдіктерімен, Экономикалық одақтың Мемлекетаралық Экономикалық Комитеттерімен, Достастықтың, және басқа органдарымен, Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасы мен Өзбекстан Республикасының Мемлекетаралық Атқару комитетімен, Арал теңізі проблемалары жөніндегі Мемлекетаралық кеңестің Атқару комитетімен, Каспий теңізі проблемалары жөніндегі Қазақстан Республикасының Ұлттық кеңесімен, Халықаралық қорлармен, ақпарат агенттіктерімен, баспасөз органдарымен және басқа бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасайды.

#### 4. Комитеттің негізгі міндеттері:

Қазақстан Республикасының Достастық мемлекеттерімен өзара тиімді әрі тең құқықты жан-жақты ынтымақтастығын нығайту және дамыту, олардың арасындағы шаруашылық және мәдени байланыстарды ұлғайту, экономика тұрақтандыруға жәрдемдесу мақсатында тұтасу процесіне барынша жәрдем

көрестү;

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен және басқа да орталық және жергілікті атқарушы әкімет органдарымен бірлесіп Достастық мемлекеттерімен ынтымақтастықтың стратегиясы жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

Достастық мемлекеттерімен экономикалық ынтымақтастықты салааралық реттеуді алқалық негізде жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен және басқа мұдделі министрліктермен, ведомстволармен бірлесіп ТМД мемлекеттері басшылары Кенесінің, ТМД үкіметтері басшылары Кенесінің, Экономикалық одақтың, Мемлекетаралық экономикалық Комитетінің, Қазақстан Республикасы,

Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы Мемлекетаралық Кеңесінің мәжілістерінде қаралатын мәселелер жөнінде Қазақстан Жағының ұсыныстарын дайындау, оларда қабылданған шешімдердің жүзеге асырылу барысында тұрақты бақылау жасау;

Экономикалық одақтың Мемлекетаралық экономикалық Комитетімен, ТМД-ның атқарушы Хатшылығымен, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республика және Өзбекстан Республикасы Мемлекетаралық кеңесінің атқару комитетімен тұрақты әрі тығыз жұмыс;

бұрынғы КСР Одағының халықаралық міндеттемелері жөніндегі құқықтық мұрагерлігіне байланысты Қазақстан Республикасының Достастық мемлекеттерімен қатынасын реттеу жөніндегі шараларды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен және Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен және Әділет министрлігімен бірлесіп Достастық мемлекеттерімен ынтымақтастықтың құқықтық негіздерін жетілдіру жөнінде жұмыстарды ұйымдастыру;

Достастықтың шеңберінде жасалған халықаралық шарттар мен келісімдердің орындалуына Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп бақылау жасау және оларды Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволарының жүзеге асыру туралы Президент пен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ақпарат беру.

5. Комитет мынадай міндеттері жүзеге асырады:

Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп Достастық мемлекеттерімен ынтымақтастықты дамытудың мемлекеттік бағдарламасының тұжырымдамасын өзірлеуді үйимдастыруды;

мұдделі атқарушы өкіметтің орталық және жергілікті органдарымен бірлесіп, ТМД мемлекет басшылары кеңесінің, үкімет басшылары Кеңесінің, Экономикалық одақтың Мемлекетаралық экономикалық Комитетінің, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республика және Өзбекстан Республикасы Мемлекетаралық Кеңесінің қарауына енгізу үшін Достастықтың шеңберіндегі ынтымақтастықты дамыту жөніндегі ұсыныстарды дайындауды әрі белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Министрлер кабинетіне ұсынады;

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Қазақстан Республикасының халықаралық шарт жасауы үшін Достастық мемлекеттерімен келіссөздер жүргізу туралы ұсыныстарды белгіленген тәртіппен ұсынады және оның тапсыруымен осындай келіссөздерге қатысады;

министрліктердің және ведомстволардың қатысуымен жасалған халықаралық шарттарды жүзеге асыру жөнінде ұсыныстар өзірлейді әрі Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізеді;

Қазақстан Республикасының Достастық мемлекеттерімен екі және көпжақты қатынастарын зерделейді, экономикалық жағдайын талдайды және бұл мемлекеттері дамытудың перспективасын айқындайды;

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің тапсыруымен объектілерді бірлесіп пайдалану мәселелерін Достастық мемлекеттерінің басқару органдарымен көпжақты және екіжақты негізде қарайды, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Ұлттық Банкі тарта отырып, кредиттерді пайдалануға, ішкі және сыртқы борыштарды өтеуге байланысты мәселелерді шешүге қатысады;

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің тапсыруымен ынтымақтастық мәселелері жөніндегі Достастық мемлекеттерінің ұсыныстарын қарайды;

Қазақстан Республикасының мұддесіне орай басқа Достастық мемлекеттері дайындаған халықаралық шарттардың жобаларын алдын ала қарайды;

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Достастықтың мемлекет басшыларымен және Үкіметтерімен келіссөз жүргізуге құқықтық және ұйымдық-техникалық дайындықты ұйымдастырады;

Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп атқарушы өкімет орталық органдарының Қазақстан Республикасының Достастық мемлекеттерімен халықаралық шарт жасау орындау жөніндегі қызметін үйлестіреді;

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп ТМД мемлекеттері басшылары Кеңесінің, үкіметтері басшылары Кеңесінің, Экономикалық одақтың Мемлекетаралық экономикалық Комитеті шешімдерінің орындаудың бақылауды;

мұдделі министрліктермен және ведомстволармен, атқарушы өкіметтің жергілікті органдарымен бірлесіп, Достастық мемлекеттерімен ынтымақтастықтың экономикалық, әлеуметтік және құқықтық проблемаларын, тиісті ғылыми жұмыстардың ғылыми зерттеулерінің және ұйымдастырушы-атқарушыларының тақырыптарын айқындауға қатысады;

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен, Қаржы министрлігімен, Өнеркәсіп және сауда министрлігімен бірлесіп, Ұлттық Банкпен өзара іс-қимыл жасап Достастық мемлекеттерімен сауда-экономикалық, қаржы және ақша-кредит қатынастарын дамыту жөніндегі ұсыныстарды дайындауға қатысады;

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен бірлесіп Достастық мемлекеттеріндегі экономиканың жай-күйіне және экономикалық реформаның барысына талдау жасайды әрі басқа атқарушы өкімет органдарының қатысуымен

осы мемлекеттермен ынтымақтастықтың перспективасы туралы Ұсыныстар өзірледі;

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен, Қаржы министрлігімен, Өнеркәсіп және сауда министрлігімен бірлесіп Достастық мемлекеттерінің шаруашылық жүргізуші субъектілері кіретін бірлескен қаржы-өнеркәсіп топтар мен басқа да ұлтаралық экономикалық құрылымдар құруға және олардың жұмыс істеуіне жәрдем көрсетеді;

өндірістік кооперацияға, шаруашылық жүргізуші субъектілердің арасындағы тікелей байланысты дамытуға және инвестициялық қызмет, бірлескен экономикалық жобаларды жүзеге асыру саласында Достастық мемлекеттерімен ынтымақтастыққа жәрдемдеседі;

аса маңызды мемлекетаралық салалардың қызметінде: көлікте, байланыста, энергиямен қамтамасыз етуде, төтенше жағдайлардың зардабын болдырмауда және оны жоюда, айналадағы ортаны қорғауда Достастық мемлекеттерімен келісілген шараларды жүзеге асыру жөніндегі ұсыныстарды дайындауды үйлестіреді;

Арал, Каспий теңіздерінің проблемалары жөнінде тиісті ведомстволармен және халықаралық ұйымдармен өзара тығыз іс-қимыл жасайды;

Сыртқы істер министрлігімен, Қорғаныс министрлігімен, ҰҚҚ, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасын қорғау жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп Достастық мемлекеттерінің ұжымдық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, шекараны қорғау, әскери-техникалық ынтымақтастық, ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану, топографиялық-геодезиялық және картографиялық қызмет пен басқа да салалар мәселелері жөнінде ұсыныстар дайындауға қатысады;

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитетпен бірлесіп қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорнының кәсібін сақтау жөнінде ұсыныстарды қарайды.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесіп Достастық мемлекеттерінің аумағында тұрған әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтық статусы мен әлеуметтік қорғалу шараларын айқындау жөнінде ұсыныстар даярлауға қатысады;

Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігімен бірлесіп көші-қон, еңбек ресурстарын алмасу мәселелерін реттеуге ықпал етеді;

Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігімен және Халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп азаматтардың еңбек, зейнеткерлік және басқа әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз ету саласында Достастық мемлекеттерімен ынтымақтастықты жүзеге асыруға қатысады;

денсаулық сақтау, мәдениет, білім беру, кадрларды даярлау мен қайта

даярлау, дene тәрбиесі мәдениеті, спорт және туризм салаларында Достастық мемлекеттерімен ынтымақтастық жөнінде ұсыныстар даярлауға қатысады;

Достастық мемлекеттерімен ғылыми-техникалық ынтымақтастықты, ғылыми-техникалық объектілерді бірлесіп пайдалануды және ғылыми-техникалық ақпарат алмасуды дамытуға, ақыл-ой меншігін қорғауға, стандарттау, метрология және сертификаттау саласында келісілген саясат жүргізу ге

ы қ п а л

е т е д і ;

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп тауарларды, қызметтерді және қаржыны әлемдік нарыққа шығару, халықаралық еңбек бөлінісін пайдалануды қамтамасыз ету, сыртқы экономикалық қызметтің оңтайлы сыртқы және ішкі құрылымын қалыптастыру жөнінде Достастық мемлекеттерімен ынтымақтастықтың болашағы туралы ұсыныстарды әзірлейді;

Достастық шеңберінде қабылданған көпжақты және екіжақты шарттар мен шешімдер туралы автоматтандырылған банк деректерін құрады;

Достастық шеңберінде ақпараттық-құқықтық ынтымақтастықтың мемлекетаралық жүйесін құру жөніндегі жұмысты мұдделі атқарушы өкімет органдарымен бірлесіп жүргізеді;

Достастық мемлекеттерімен ынтымақтастықтың мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік актілерінің жобаларын дайындауға қатысады, осы мемлекеттердің заңдарын қолданудың практикасын зерделейді, Қазақстан Республикасындағы мұдделі атқарушы өкімет органдарымен және Достастық мемлекеттеріндегі атқарушы өкімет органдарымен бірлесіп ұлттық заңдарды жақындастыру жөнінде жұмыс жүргізеді;

Қазақстан Республикасының Достастық мемлекеттерімен мемлекетаралық және үкіметаралық комиссиялар, комитеттер, ынтымақтастық жөніндегі және басқа органдар құру жұмысына қатысады. Комитеттің өкілдері осы органдардың қазақстандық бөлігінің құрамына кіреді;

халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылды белгіленген тәртіппен жүзеге асырады, Достастықтың қызметіне байланысты халықаралық шараларға қ а т ы с а д ы ;

Мемкомитеттің құзырына кіретін мәселелерді талқылау мен шешу үшін Қазақстан Республикасына келген Достастық мемлекеттерінің, басқа да мемлекеттердің, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың делегацияларын қабылдауды белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша Достастықтың мемлекетаралық және үкіметаралық органдары шығыстарының сметаларының жобасын қарайды және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісе отырып, олар жөнінде қорытындылар береді;

Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінің шығыстарында

Достастықтың мемлекетаралық және үкіметаралық органдарын үlestік ұстай үшін, белгіленген сомалар шегінде Қазақстан Республикасының осы мақсаттарға арналған жарналарын аударуды жүзеге асырады.

Ескерту. 5-тармаққа жаңа абацтар енгізілді - ҚР Үкіметінің  
1996.03.14. N 314 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 5-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚРУ-нің 1996.08.20.  
N 1031 қаулысымен.

6. Комитетке жүктелген қызметтерді орындау үшін оған мынадай құқылар беріледі:

атқарушы өкіметтің орталық және жергілікті органдарынан кәсіпорындар мен ұйымдардан Комитетке жүктелген міндеттерді жүзеге асуру үшін қажетті құжаттарды және өзге ақпараттарды белгіленген тәртіппен сұрауға және алуға;

Комитеттің құзырына жататын мәселелер жөнінде Достастық мемлекеттерінің атқарушы органдарына тікелей өтініш білдіруге, олармен бірлесіп ынтымақтастық проблемаларына талдау жасауға, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын орындау кезінде туындаған мәселелер жөнінде ұсыныстар әзірлеуге;

ынтымақтастық және халықаралық шарттарды орындау мәселелері жөніндегі заңдарды қолдану практикасы туралы Достастық мемлекеттерінің атқарушы өкімет органдарымен ақпарат алмасуды жүзеге асуруға;

экономикалық ынтымақтастық тәжірибелерін зерделеу және өзінің құзырына жататын мәселелерді шешу үшін Қазақстан Республикасы Комитеттің қызметкерлерін Достастық мемлекеттеріне, сондай-ақ басқа мемлекеттерге іссапарға жіберуге;

Комитеттің орталық аппаратының жауапты қызметкерлері мен мамандарын Достастық мемлекеттіне және басқа мемлекеттерге қадрларды оқытуға, даярлауға және қайта даярлауға жіберуге;

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, кәсіпорындар мен ұйымдардың, ғылыми мекемелердің өкілдері мен жекелеген ғалымдарды тарта отырып Достастық мемлекеттерімен тұтасу проблемалары бойынша заң актілерінің жобаларын әзірлеу және сараптау, талдамалық шолулар мен болжамдар дайындау жөнінде елдегі, сондай-ақ шет елдердегі ғылыми-зерттеу ұйымдарымен, институттармен, жоғары оқу орындарымен және жеке мамандармен шарттар жасау және басқа проблемаларды өзінің құзырына сәйкес шешу жөніндегі кеңестер мен комиссияларды белгіленген тәртіппен құруға;

Достастық мемлекеттерінің өкілдерімен ресми келіссөздерді және консультацияларды белгіленген тәртіппен жүргізуге, Достастық мемлекеттерімен ынтымақтастықтың өзекті проблемалары жөнінде кеңестер, конференциялар,

семинарлар үйімдастыруға және өткізуге, шараларға қатысуышылар мен делегацияларға қызмет көрсетуді және орналастыруды қамтамасыз ету мақсатында тиісті ғимараттар мен үй-жайларды өзінің балансына алуға;

өзінің құзырына кіретін мәселелер жөнінде ол бекіткеннен кейін орындалуы міндетті сипаттағы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулыларының жобаларын әзірлеуге және Қазақстан Республикасының Достастық мемлекеттеріндегі министрліктері мен ведомстволарына, елшіліктері мен өкілдіктеріне және ТМД-ның үйлестіру институттарына орындалуы міндетті ұсыныстар мен тапсырмалар беруге, екіжақты және көпжақты қатынастарға жауапты басшылармен және олардың бөлімшелеріндегі қызметкерлермен кездесулер, кеңестер өткізуге, шарттарды, келіссөздерді, хаттамаларды пысықтау үшін құрылған сараптау топтарының құрамы жөнінде ұсыныстар енгізуге, сарапшылардың жұмысын ұйымдастыру тұрғысынан үйлестіруге, халық-аралық ынтымақтастық жөнінде құжаттар дайындаудың белгіленген кестесінің сақталуын бақылауға құқылды.

7. Комитетті Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындастын және лауазымдан босаттын, Премьер-министр мен осы саламен шұғылданатын Премьер-министрдің орынбасарының тікелей басшылығымен жұмыс істейтін және лауазымы бойынша Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің құрамына кіретін Төраға басқарады.

Комитет Төрағасының Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті лауазымға тағайындастын және лауазымнан босататын орынбасарлары, соның ішінде бір бірінші орынбасары болады.

## К о м и т е т т ің Т ө р ағ а с ы :

Комитеттің және оның алқасының жұмысын үйымдастырады әрі Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және олардың өз қызметін жүзеге асыруына тікелей жауап береді;

Комитеттің құзырына кіретін мәселелер жөніндегі нормативтік актілердің жобаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Достастық мемлекеттерімен халықаралық шарттарының жобаларын Қазақстан Республикасының Үкіметіне белгіленген тәртіппен енгізеді;

Төраға орынбасарларының арасындағы міндеттерді бөледі, Комитеттің құзырына кіретін халықаралық ынтымақтастық мәселелерін Достастық мемлекеттерінің өкілдерімен бірлесіп алдын ала қарau үшін Комитеттің өкілдерін айқындаайды;

Комитеттің құзыры шегінде бүйрықтар шығарады;

шығын сметасын, қызметкер санының белгіленген шегіндегі штат кестесі мен құрылымын және енбекақы қорын, сондай-ақ оның құрылымдық бөлімшелері тұралы ережені бекітеді;

Комитеттің ерекше көзге түсken қызметкерлерін Қазақстан Республикасының күрметті атақтарын беруге және мемлекеттік наградаларымен марапаттауға белгіленген тәртіппен ұсыныс жасайды;

Комитеттің орталық аппаратының қызметкерлерін лауазымға тағайындауды және лауазымнан босатады, оларды көтермелейді және оларға тәртіптік жазақ олданады;

ынтымақтастық тәжірибесін зерделеу және Комитеттің құзырына жататын мәселелерді қарau үшін Комитеттің қызметкерлерін Достастық мемлекеттеріне, сондай-ақ басқа мемлекеттерге іссапарға жібереді;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басқа да өкілдегітерді жүзеге асыраады;

Комитеттің Төрағасы Достастық мемлекеттерінің өкілдерімен консультациялар және ресми келіссөздер жүргізуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсыруымен Қазақстан Республикасының тиісті халықаралық шарттарына қол қоюға құқылы.

8. Комитеттің құрамында Төраға (алқа төрағасы), лауазымы жөнінен Төрағаның орынбасары, Комитеттің және басқа басшы қызметкерлері бар алқа құрылады. Басқа да орталық атқарушы органдардың басшы қызметкерлері алқа құрамына кіруі мүмкін. Алқа мүшелерін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Алқа Достастық мемлекеттерімен ынтымақтастықты дамытудың және Комитет қызметінің аса маңызды мәселелерін қарайды.

Алқа мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе, шешім қабылданды деп саналады.

9. Комитет заңды тұлға болып табылады, банк мекемелерінде есеп айырысу шоты және өзге есепшоттары, Қазақстан Республикасының Елтаңбасы бейнеленген қазақ және орыс тілдерінде өзінің атауы жазылған мөрі, сондай-ақ басқа мөрлері мен мөртаңбалары бар.

10. Халықаралық қатынастар саласында кемінде екі жыл жұмыс істеген және тиісті тәжірибесі бар Комитеттің жауапты қызметкерлері дипломатиялық дәрежелер алуда құқылары;

Комитет аппаратының штаттық лауазымдарына тағайындалған қызметшілер мемлекеттік қызмет кадрлары қатарына енгізіледі, оларға мемлекеттік қызмет туралы заңмен белгіленген құқықтық және әлеуметтік кепілдіктер қолданылады, сондай-ақ еңбекақы төлеу, материалдық-тұрмыстық, медициналық және әлеуметтік қамсыздандыру жөнінен олар мемлекеттік қызметшіге теңестіріледі;

Комитет қызметшілерінің еңбекақысы тиісті штат кестесінде және шығын сметасында белгіленген тәртіpte және мөлшерде, сондай-ақ орындалған жұмыстың нәтижесі ескеріліп жүргізіледі.

11. Комитеттің орталық аппаратын ұстауға арналған шығынды

қаржыландыру респубикалық бюджетте көзделген атқарушы өкіметтің орталық органын ұстау қаражатының есебінен жүзеге асырылады.

12. Комитеттің орналасқан жері - Алматы қаласы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК